

## "Көшелерге атау беру туралы" 2009 жылғы 17 ақпандағы № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Сарат ауылдық округінің әкімінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 8 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылдың 22 шілдеде № 5009 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына сәйкес, Сарат ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарат ауылдық округі әкімінің мемлекеттік тілдегі 2009 жылғы 17 ақпандағы № 1 "Көшелерге атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-2-73 тіркелген, 2009 жылғы 02 сәуірдегі аудандық "Жаңалық жаршысы" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі кіріспе бөлігіндегі ", Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы № 45 "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы туралы" қаулысына" сөздері алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарат ауылдық округі әкімі*

*К. Байдрахманов*